

### Алғы сөз

Биылғы облыстық «Оқитын өлке» акциясына өлкемізден шыққан жыршы Н.Байғанинның және ақын Мейірхан Адәулетұлының шығармалары таңдалып, қалың жұртшылыққа оқуға ұсынылды.

Әдістемелік құралда қос қаламгердің өмірі шығармашылығы, бірнеше өлеңдері, баспасөз бетінде жарияланған мақалалары жазылған. «Шежірелі өлкенің ақындары» атты әдістемелік құрал оқытушыларға, кітапханашыларға, мектеп оқушыларына, студенттерге жалпы оқырман қауымға арналады.



### Ақдәулетұлы Мейірхан

1950 жылы Ақтөбе облысы Бұғыз ауданындағы Темірастау ауылында дүниеге келген.

Белгілі ақын, көсемсөз шебері және аудармашы. Бірнеше жыр жинақтарының авторы, А.Вознесенский, Е.Евтушенко, А.Блок өлеңдерінің, М.Аджидің «Қыпшақ Даласының жусаны» тарихи эссесінің, К.Аширдің «Қабыл- Адам Ата перзенті» драмасының, т.б. эсселер мен ғылыми – философиялық мақалалардың, Т.Буркхардтың «Шығыс пен Батыстың киелі өнері», Э.Фроммның «Психоанализ және дзен-буддизм», Ф.Шьюонның «Исламды ұғыну» еңбектерінің аудармашысы.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы 2002 жылғы терең шығармашылық ізденісі, көкейкесті шығармалары үшін Қазақстан Республикасы Президентінің публицистерге арналған грантының, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

«Ақ желкен», «Арай» журналдарында, «Қазақ әдебиеті» газетінде ұзақ жылдар қызмет істеген. «Алтын Орда» республикалық орталығының бас редакторы болды. Қазір облыстық «Ақтөбе», «Актюбинский вестник» газеттерін біріктірген «Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС-нің директоры. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

### Бейуақтағы мінәжат

Гінерде күннің қызыл кірпігі  
дертім менің меңдеді-  
Өмір өзі-ақ өлтіреді бір күні,  
өлтiрiспе Сен мені!  
Мұса,  
Ғайса,  
Мұхаммедтің көп ішкен,  
тауыспаған кермегін  
жұтам үнсіз.  
Үмітім жоқ Жеңістен.  
...көзімнен сүй Сен менің!  
Ернім емес,  
ет-жүрегім кезеріп  
жоқ сусынға шөлдеппін.  
Ажал-құрдас ақ мылтығын кезеніп  
«Кеттік!..» десе –мен кеттім!..  
-Бізге неге баянсызды аңсаттың,  
е-ей, есі бар Құдіре-ет?..  
...Босқа налып, болмашыға  
шаршаппын-  
көзімнен сүй бір рет!  
Түнге сіңіп жоғаламын Мен ертең-  
аямайды Сені Көк...  
Өзім түгіл, өлердей мас көлеңкем  
«Өмір!»деп тұр еңіреп!  
Аллаһу да аяп басар кеуденің  
үнсіз айтқан зары бұл-  
Өмір өзі-ақ өлтіреді.  
Сен мені  
өлтiрiспе, Жарығым!  
Көзімнен сүй Сені көріп  
жұбанған...

### Гүл –жусан

Гүлді аяймын – өмірі өзін алдап,  
текке өткен.  
...Шыншыл өскін көрмедім, Жусан,  
Шеңгел, Көкпектен!  
Үзік-үзік  
Күлкің мен көлгірсуің, тепкіңнің  
бәрін... Өмір,  
Мәжнүнге лайық бақыт деп білдім.

Айыптымын алдында,  
арнамадым гүлге өлең –  
гүлдің солып,  
баяудың оңатынын білген ем.

Мен жусанға інімін.  
Шеңгел болып кектенем.  
Көкпек жаққан көне үйдің  
көжесімен көктегем.

...Орманы кем,  
дүрдараз тобылғысы, жыңғылы,  
сартаңы мол,  
суы ащы кең Даланың Мұңды ұлы  
тарта туса тегіне – түкірмейді  
жалғанға,  
жанға қонса жалғыз шаң, айналады  
арланға!

Ділі –жусан,  
қиялы – қыпшақы ердің Тарланы,  
Жылқы мүсін болмысы,  
сордан кермек арманы.

Мұңы –Қобыз,  
төзімі болдыртардай түйені,  
Домбырасы –дұғасы,  
Сөзі –серті киелі.  
Қыран түгіл,  
қарғасы қара ойды ұғар қиядан  
Осы Дала –Отаным.  
Ұқсамауға ұялам.

Бақыт, байлық, ас пен той,  
шексіз шаттық, мұң-нала.  
Дана, даукес, батыр, ез... –  
Бәрін көрген бұл Дала,  
танып кетпей  
тірліктің бағзы әуені –Күйбеңнен,  
Өзгені де,  
өзін де алдамауға үйренген.

Жусанымын мен соның.  
«Гүл ғұмыры баянсыз!» -  
Күліп тұрып айтатын ақ сырым да –  
аяусыз.  
Осы –менмін, ей, Өмір,  
сертім –жалқы, мінім –мың.  
Аяп айтам атын да,  
есебі жоқ гүліңнің!



#### ҚАЛАМГЕР ҚАДІРІ МЕН ӘДЕБИЕТТІҢ ӨРІСІ

1. Қаламгердің қадірі мен әдебиеттің әлеуеті туралы айтылса, Кеңес дәуіріндегі әдебиеттің оқылымдылығы мен жазушы беделі сөз бола кетеді. Ол заманда коммунистік идеологияны жүзеге асырушы орган ретінде әр шығарманың қандай тезден өткенін көзіқарақты оқырман жақсы біледі. Тезінен өткізіп алған шығарманы таратуға билік те мүдделі еді. Ал қазір шығармашылық адамдарының туындылары ондай тезден өтпейді. Тиісінше таралымы да бұрынғымен салыстырғанда, мардымсыз. Мұндайда қаламгерлердің қадірі туралы сөз қозғау қиын, сіздіңше мәселенің мәні неде?
2. Қатаң цензураның үдесінен шыға жүріп, сол кезеңдегі қазақ қаламгерлері қазақтықтан алыстамаған, рухы биік ұрпақ өсіріп шықты. Олардың шығармалары тәуелсіздікті алу жолындағы рухани күштің эпицентрі болды десек, артық айтқандық болмас. Оның дәлелін кешегі Желтоқсан оқиғасына қатысқан өршіл буынның бойынан байқау қиын емес. Жалпы, әдебиеттің белгілі бір дәрежеде мемлекеттік идеологияға қызмет етуіне деген көзқарасыңыз қандай? Оның мемлекеттік сананың қалыптасуы мен нығаюына әсері бар ма?



**Мейірхан АҚДӘУЛЕТҰЛЫ,  
ақын**

## **ҰЛТТЫ ҚАЙТАДАН СОМДАУ КЕРЕК**

1. Әдебиет пен өнердің халықтың, қоғамның, ұлттың санасы мен болмысын сомдайтын, философиясы мен мінез-құлқын, тәртіптік стереотипін кез келген бағытқа бұрып, қалыптастыра алатын күш екенін мемлекеттер баяғы замандардан білген. Себебі, қоғам, оның болмысы, ұлт пен оның кескін-келбетін қалыптастыру, «ұлттың құрылысы» (нэшл билдинг), қоғамның қалай «бұрылмағы» сияқты нәрселер – мемлекеттің бірінші кезектегі шаруасы. Мәселен, коммунистер алып империядағы 250 миллион, әртекті халықты өз идеалдарына әдебиет, өнер салалары арқылы сендіре білді. Халық аса илана қоймайтын ұраншылдықпен ғана емес, адамның (ұлттың) жан жүрегін жылытатын, гуманистік құндылықтарға толы нағыз шығармалар арқылы қалың елді әлдилеп келді. Қазақ әдебиетінің ең озық дүниелері сол тұста дүниеге келгендігі содан – нағыз суреткерлер сол мүмкіндікті «шеңберден шығып кетпей-ақ» толық пайдаланды. Жазушылар мен ақындардың (мемлекет маңдайынан сипағандардың – «шеңберден шықпағандардың») кітаптары 5 мыңнан 100 мыңға дейінгі таралыммен тарады және өзін толық ақтап тұрды. Ең бастысы, халық кітап оқитын жағдайдың бәрі шебер ұйымдастырылды – кітап арзан еді де, бірі қалмай тұрақты еңбек ететін халық кітапханаларға да баратын. Қысқасы, жазушылар халыққа жұмыс істеді, олардың барлық жағдайларын мемлекет үздіксіз ескеріп отырды.

Қазір... ғұламалар өлшемімен алсақ, «көпшілік көтерілісі» («Восстание масс») жүріп жатыр – капитализм және еркіндік. «Үкімет өлтірмейді» деп келген халық, әсіресе қазақ, өмірі көрмегенін көріп, жемегенін жей бастаған соң, өз білгенін істеп жатыр. Негізгі процесс – «кедей байға, бай құдайға жетпек» болып тыраштану. Бұл, әрине, жақсы. Бірақ қазіргі «байыған элита» «озық елдердегіні» жасауға тырысып ойсыз отыр, ал әдебиет пен өнердің оларға мүлде қажеті жоқ. «Озық елдерде» элита «ақшасы көптігімен» емес, ақыл-ойы, мәдени-интеллектуалдық деңгейі арқылы ғана элита екенімен біздің миллиардердің шаруасы жоқ – «ден сау болса болғаны-ай!» деп, өзін бірер сәтке ағылшын, француз, неміс... немесе қытай сезінгеніне мәз.


Осындай жағдайда, осындай қоғамдық ахуалда қалған жазушының көпшілігі, әдебиет, шығармашылық түгілі, күнделікті нан табуға зар болып қалды. Және бұлар жағдай талғамай, ашқұрсақ болып жүріп әдебиетте атын шығарып, кітабын көптеп сататын деңгейге жете алатын батыстың жанкешті жазарманы емес қой! Кеңес үкіметі асырап келген жұрт қой. Сөйтіп, кіріптарлыққа ұрынды. Үкімет шығаратын кітаптар, біріншіден, шамалы ғана беделі, т.б. жеткен адамдарға бұйырады. Оның өзі екі мың дана боп шығып, жартысынан көбі кітапханаларға түседі. Бұған бүгінгі оқырманның «ерекшелігін» қосыңыз...

Осыдан соң әдебиет пен әдебиетшінің беделі базарда ет сатып тұрған бәйбішенікінен төмен болмағанда қайтеді?

2. Әрине, кеңес дәуіріндегі әдебиет, «ноқталы-шідерлі» әдебиет – дарынды әдебиет! – халықтың рухын, ділін, болмысын сақтап қалды! Қазіргі әдебиеттің негізгі ұстыны әлі де солар – мына Маралтайларға дейін сол «шарбақтан» шыққан төлдер. Осыны ескеру керек. Әйтпесе, «әркім білгенін айтар, тасбақа бұтын тарбитар» дегеннің кебімен келе жатқан бергі әдебиет пен өнер келе-келе барлық

биіктіктерін жоғалтып, ұсақтайды, «жүн жеп, жабағы тышып» кетеді.

Біз енді ғана ерік өзіне тиген, көп нәрседен кенжелеп қалған ұлтпыз. Ұлтты әлі де шынықтыру, қайтадан сомдау керек. Мұны саяси тұрғыдағы жеңілтек «флеш-моб насихат» атқара алмайды, тек қана ұлттық, шынайы әдебиет пен өнер атқарады мұны. Сол себепті, қазақ әдебиетін, қазақ мәдениетін шынайы қамқорлыққа алмайынша, мемлекеттік идеология да, ұлт «бесігі» де түзелмейді, басында айттым ғой – мемлекетке, ұлтқа әдебиет пен өнер, әрине, өте керек. Мұны үкімет ойлансын.



### **Нұрпейіс Байғанин**

1860 жылы Темір уезінде туған. 16-17 жастар шамасында Нұрпейіске «бала жыршы» деген атақ ерді. Айтысқа түсті. Жыршылық жолын қуып сол кездегі Орал-Атырау өлкелеріндегі белгілі ақын-жыраулармен танысты. Олардан батырлық жырларын үйренді. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап отызыншы жылдардың екінші жартысына дейін түрлі кеңес қызметтерін атқарды.

1939 жылы Алматыдағы Жамбылдың мерейтойына, Қазақстан кеңес жазушыларының II съезіне қатысты. Сол жылы ақынға «Қазақ ССР-ның өнерге еңбек сіңірген қайраткері» атағы беріліп, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Грамотасымен наградталды. 1940 жылы Мәскеуде оған «Құрмет белгісі» ордені тапсырылды.

### Еңбек туралы жыр

Көмейден құйылады жырдың басы,  
Өлеңнің тасығандай дариясы.  
Күй тартсам, ән шырқасам ширай берем,  
Сұңқардай қияға ұшқан кең құлашы.  
Екі елі Нұрпейістен қалыспайды  
Қосылып дүмбірлеген домбырасы.  
Жырында Нұрпейістің жаңалық бар,  
Зейінмен құлақ салып, ал, тыңдашы.  
Өлең-жыр, ән менен күй бұ да еңбек,  
Шығарған еріккеннен емес ермек.  
Адамның ақыл-ойы, қол күшіне  
Сай болып дүниеде не тең келмек?  
Қызықты тұрмысыңды етем десең,  
Аянбай істе қызмет маңдай терлеп.  
Елімде қол қусырып бекер қарап,  
Отырған кемпір, шал жоқ үйде меңдеп,  
Жастықта еңбек ету қандай қызық,  
Қуаныш билемей ме бойды кернеп?  
Мен дағы өлең-еңбек деп түсініп  
Маржандай сөзді тердім, ойды тербеп.  
Еңбекпен абыройың арта берсін,  
Жұмысқа қолдарыңды тигіз дендеп.  
«Кім?» десе стахановшы өндірісте?  
Тамаша, қандай жақсы тұрсаң – «мен!» деп.  
Станок, құралыңыз жалтылдасын,  
Өзіңе мін болады тұрса кірлеп.  
Жалқаулық, бойкүйездік жанның қасы,  
Еңбек ет ықыласпен құлаш сермеп.  
Жалқаулар жатып ішер арамтамақ,  
Ондайлар болыпты ғой елге салмақ,  
Жарымай ішер асқа, азып-тозып,  
Өзінің қатарынан кейін қалмақ.

Борышын ел алдында өтемесе  
Жұрт алған абыройды қайдан алмақ?  
Жұмысқа әлдеқалай қолы тисе,  
Кеш келіп, мезгіл бұрын кетіп қалмақ.  
Еңбекте, адалдықта бақыт, ырыс,  
Қоғамға сыйыспайды делбе жүріс.  
Еңбекке жалқауларды шақырамын,  
Өмірге еңбекпенен келген дұрыс.  
Отанға тартуыңды лайықтап,  
Беруге жан аямай істе жұмыс.  
Әркім-ақ еңбегімен бағаланад,  
Сондықтан еңбек ету – күшті борыш.

**Құрманбек Еркін Жолмырзаұлы**  
**ҚР Мәдениет қайраткері. Ақтөбе облысына**  
**сіңірген еңбегі үшін төсбелгісінің иегері.**  
**Ақтөбе қаласының,**  
**Байганин ауданының Құрметті азаматы.**  
**2.03.2020ж**

### **Шығармалары Тәуелсіздікке қызмет етуде.** **Халық ақыны Н.Байганинге 160 жыл.**

Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толды. Қоғамда түбегейлі өзгерістер болуда, жаңа көзқарас, жаңа ұстанымдар мен құндылықтар қалыптасуда. Соның бір басты бағыттарының бірі - рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру, жаңа Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу болып табылады.

Қазақ халқының Ұлы ақыны Нұрпейіс Байганиннің жырлары патриотизмге толы, ол өзінің шығармаларында Отанды, туған жерді жырлаған, ерлікті, батырлықты, бірлікті басты тақырып етіп алған. Сондықтан, Н.Байганиннің өлеңдері мен поэмаларының мазмұны бүгінгі күн тақырыбына сай келеді және ол өзінің актуалдығын бүгінгі күнде де жойған жоқ. Оның патриоттық шығармалары Тәуелсіз Қазақстан азаматтарын тәрбиелеуге қызмет етуде.

Нұрпейіс Байганин 1860 жылы Темір ауданындағы Сүлікті деген елді мекенде Байғана мен Үміттің отбасында дүниеге келді. Нұрпейістің әкесі Байғана Барсай және Досжан деген ірі байлардың қойларын баққан екен. Ал Нұрпейістің шешесі Үміт сұлу, ақылды, сұлулықпен ақылдықты үйлестіре білген, әрі әнші, әрі орындаушы-күйші, елге белгілі адам болған. Анасы дарынды баласын домбыра әуеніне және ән өнеріне сүйіспеншілікке тәрбиеледі. Нұрпейіс жастайынан-ақ бір естіген ән-жырларын тез жадында сақтап, оны тамаша қайталап орындайтын. Нұрпейіс 16-17 жасында-ақ жыршы

бала атанып, оның аты аймаққа танымал болды. Нұрпейістің жақын достарының бірі Қожаш Елешов өз естелігінде «Нұрпейіссіз бірде-бір той, бірде-бір шілдехана өтпейтін. Ал үлкен мейрам немесе ақындар айтысы болса Нұрпейісті әдейі шақыратын еді»-дейді.

Ол кездерде ақын адамдардың ең көп жиналатын жері – жәрмеңкелерде өнер көрсеткен. Нұрпейіс Темір, Ойыл, Ырғыз, Орал жәрмеңкелерінде өнер көрсетіп, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер тарғын», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» т.б. жырларды жырлаған. Көпшіліктің сүйіспеншілігі мен танымын жаулап алған. Ақын 40-50 жырды жатқа білген.

Қазақ ауыз әдебиетінде қалыптасқан дәстүр бойынша ақындар үлкендерінің қасында жүріп, олардың өнерлерін үйренген, сөйтіп ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған, жас таланттар өздерінің ұстаздарын тапқан, олардан өнер жолына бата алған. Осы тамаша дәстүрді жалғастыра білген Нұрпейіс ылғи да ізденіс үстінде болады. Ол Абыл, Шернияз, Нұрым, Қашаған, Ығылман, Ақтан, Қазақбай, Сабыр сияқты ақындардың қасында болып, олардан үлгі алады, олардан ән-жыр үйреніп, орындайды.

Ол Атырау және Маңғыстау ақындарымен жиі кездесіп, олардан көптеген батырлық жырларды үйренеді. Кейінгі жылдарда Нұрпейіс шығармашылығында ерлік, батырлық тақырыбындағы жырлар ерекше орын алды. Бұл бағыт оның Аққенже, Нарқыз атты шығармаларынан, сонымен қатар, оның Жеңіске 75 жыл толып отырған Ұлы Отан соғысы жылдарында шығарған халықтың тылдағы ерен еңбегі мен майдандағы жауынгерлердің ерліктеріне арналған өлеңдері мен поэмаларынан көрінеді.

Нұрпейістің шығармаларын жинау және қағаз бетіне түсіру 1938 жылдан басталды. Халық ақындарын іздеу және табу үшін Ақтөбе облысына арнайы тапсырмамен кейін қазақ поэзиясының көрнекті ақсақалдарының бірі болған-Дихан Әбілев келіп, Н.Байганинмен кездеседі. Нұрпейіс Жамбылдың мерей тойына Алматыға шақырылады. Нұрпейістің осы сапары туралы қазақтың белгілі ақыны Әбділда Тәжібаевтың естелік

кітабында өте қызық тартымды етіп жазылған. Алматыда Нұрпейіс көптеген ақындармен, жыршы-жыраулармен кездеседі. Мұнда ол өзінің суырыпсалма ақын екендігін көрсетеді. Бұрын ол тек өз облысында ғана белгілі болса, енді оның аты бүкіл республикаға кең таралады. Оның шығармашылығына үлкен көңіл бөлінеді, оның өзінің жеке басына қамқорлық жасалды. Жазушылар одағы ақынға Ахмет Ескендіров пен Мәселе Жаңабаевтарды әдеби хатшылыққа бекітеді. Олардың жазып алулары нәтижесінде Нұрпейіс ақынның көптеген ең тамаша туындылары бізге дейін жетті. А. Ескендіров пен М. Жаңабаевтан кейін Нұрпейіске әдеби хатшы ақын Қуандық Шаңғытбаев болды.

Нұрпейіс 1939 жылы Қазақстан жазушыларының екінші съезіне делегат болып қатысады. Аса ерекше дарынды ақынның бірі болып республика жазушылар одағына мүшелікке қабылданады. Ақындардың республикалық слетіне қатысады.

Ақынға 1939 жылы «Қазақ ССР-інің өнеріне еңбегі сіңген қайраткер» атағы берілді. Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталады. Осы жылы Н. Байганин Ақтөбе облыстық Кеңесінің бірінші шақырылымының депутаты болып сайланады және оның бірінші сессиясын өзінің өлең-жырымен ашады.

Нұрпейіс 1939 жылдың 16 тамызында Москваға барады. СССР халық шаруашылығы жетістігі көрмесін көреді. Осы оқиғаға ақын «Өңімдегі жұмақ» өлеңін арнайды. Осы өлеңі орыс тіліне аударылып, бүкілодақтық радио арқылы беріліп, бүкіл Совет Одағына тарайды. Бұл Нұрпейісті бүкіл Совет халқына бірінші таныстыру болатын.

Ақтөбеде 1940 жылы Нұрпейістің 80 жылдығына арналған үлкен мереке өткізілді. Осы жылы ақын «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Осы қуанышты сәтке арнап ақын «Қуаныш жыры» өлеңін шығарды. Ол орыс тіліне аударылып, «Известия» газетінде жарияланды.

Нұрпейіс Байганин көп қырлы талант. Ол бір жағынан суырыпсалма ақын, екінші жағынан жырау - орындаушы, оның

шығармаларында батырлық эпостар көп орын алады. Оның өте бай репертуарында «Қобыланды», «Құбығұл», «Төрехан», «Қырымның қырық батыры» т.б. көптеген эпос жырлар бар. Қазір «Қобыланды батыр» жырының бізге 29 варианты бары белгілі. Ал, солардың ішіндегі оқиғалары өте бай, әрі ең көркем, әрі баяндауы жағынан өте нақты, көлемдісі 9300 жолдан тұратын Нұрпейіс жырау жырлайтын варианты. Ақын оны түгел жатқа айтатын болған. «Қобыланды батыр» жырын 1940 жылы латын шрифтісімен А. Ескендіров жазып алған. Жырды бастар алдында Нұрпейіс әдетте «Мен батырлар жырын 17 жастан бастап айта бастадым. «Қобыланды батыр» жырын мен Мақсұттан алдым. Бұл жыр бірнеше ұрпақтан ұрпаққа, ауыздан ауызға беріліп келеді. Мақсұт ақынның әкесі Ділмағамбет, Ділмағамбеттің әкесі Бітеген, Бітегеннің әкесі-Терлікбай, Терлікбайдың әкесі-Бақы, Бақының әкесі-Жаскелең, Жаскелеңнің әкесі-Бақберген – олардың бәрі шебер жыршы – орындаушылар болған. Мен жыр мазмұнын солардан алдым» - деп айтады екен. Міне, осыдан қазақтардың ауыз әдебиетіндегі, өнердегі ұрпақтар сабақтастығы айқын көрінеді. Нұрпейіс «Қобыланды батыр» жырын ерекші шабытпен жырлаған. Оның орындаған нұсқасында Ақтөбенің жерлері мен өзендерінің атаулары көп кездеседі. Қобда ауданының Жиренқопа ауылында 2007 жылдың қыркүйегінде Қобыланды батырға мемориалды әдемі кесене мен музей салынды. Мен 25 тамыз 2006 жылы Қобыланды батырдың ғылыми зерттелген сүйегін Жиренқопаға жерлеуге апардым.

Н. Байганин 1916 жылғы көтеріліске арнап «Ақын» және «Өрістеген өмір» екі жыр шығарды. Бұл жырларды ақынның хатшысы Мәселе Жаңабаев жазып алған.

Нұрпейістің эпикалық шығармаларында үлкен орынды тек батырлар ғана емес, аттары аңызға айналған әйелдер бейнелері де лайықты көрсетілген. Олар туралы ақынның «Аққенже» және «Нарқыз» поэмаларында жырланған. Ерлік мотивтері Нұрпейістің шығармаларында кейінде жалғасын тауып, оның Ұлы отан соғысы жылдарында шығарылған «Капитан Гастелло» өлеңінде, «Жиырма бес», «Ер туралы жыр» атты



Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаров және 28 панфиловшылардың бірі Нарсұтбай Есболатовтың ерліктері баяндалған шығармаларына арқау болады. Ақын-жырау Нұрпейіс өзінің көркем және жалынды сөзі – жырымен жігерлендіріп ақтөбелік жерлестерін және бүкіл қазақстандықтарды - биыл 75 жыл толатын - Ұлы Жеңіс күнін жақындатуға лайықты үлес қосуға шақырды. Ақын 1941 жылдың 19 мамырында Ақтөбеде құрылған 101 ұлттық атқыштар бригадасы жауынгерлері алдында жыр айтып, оларды Отан қорғауға үндеді. Бригаданың дайындығын тексеруге маршал К.Е.Ворошилов келген болатын.

1942 жылы көктемде Нұрпейіс Шалқарда теміржолшылар клубында қала халқы алдында жырлап, оларды «бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» Ұранымен ерлікпен еңбек етуге шақырды. Осы кездесудің нәтижесінде Шалқар ауданының тұрғындары майданға 3755 сом ақша, 604 мың сомның облигациясын, 7927 әртүрлі киім жинап, Қызыл Армия жауынгерлеріне көмек көрсетті. Нұрпейістің «Қазақстан майданға» өлеңі бойынша деректі киноочерк түсіріліп, ол СССР киноэкрандарына бүкіл совет халқына көрсетілді.

Нұрпейіс ақын ұзақ жасады, көп көрді, көп үйренді, көп жырлады. Ол халқының бай сөздік мұрасын игерді, сөзді өте жақсы меңгерді және оны ұқыпты шебер пайдалана білді. Ол Абайға, Жамбылға, М.Горькийге, Т.Шевченкоға, Ш.Берсиевке, А.Имановқа арнап өлеңдер шығарды. Халық ақыны Нұрпейіс өзінен кейін өте бай әдеби мұра-15 поэма, бірнеше айтыс, көптеген өлеңдер мен толғаулар қалдырды. Бірақ, оның әдеби мұрасы бізге толық жетпеді. Әйтседе, оның бізге жеткен мұрасының өзі де көлемді, мол. 1938-1940 жылдары ақыннан жазып алған 9300 жолдық «Қобылынды батыр», 5000 жолдық «Құбығұл», 500 жолдық «Төрехан» т.б. әдеби шығармалар Нұрпейістің эпика-ақын, батырлар жырын жырлаушы, жыраулар мектебінің ең ірі өкілі екендігін көрсетеді.

Н.Байғаниннің шығармалары әр жылдары бірнеше рет жарық көрді. 2008 жылы ақынның шығармалар жинағын

сыйлық нұсқамен оның немересі Ерболат Момынұлы Байғанин шығарды.

Нұрпейістің 1917 жылғы революция дейінгі шығармаларын ғалым Оразгүл Нұрмағамбетова жинады. 1949 жылы оған ақынның кейбір өлеңдерін ұлы Ғалым, қызы Зылия, туысы және жақын досы, көп жыл бойы жолдасы болған Қожаш Елешов, жақын туысы Асыл Орынбаева, келіні Әнәпия Құлыншақова жаздырыпты.

Н.Байғанинның шығармашылығы әсіресе 1938-1945 жылдары өте жемісті болды. Бұл жылдары ақын елдің аса көрнекті оқиғаларына арнап көптеген өлеңдер мен поэмалар шығарды.

Н.Байғаниннің шығармашылығы ғалымдардың назарында ылғи болды. Ақынның рухани шығармашылығы мұрасын жинау мен зерттеуге көп еңбек еткен ғалым-филолог О.Нұрмағанбетова еді.

Нұрпейістің ақындық және эпикалық шығармашылығын жазушы-академик С.Мұқанов өте жоғары бағалады. Атақты ақынның мұрасына арнап Д.Әбілев, Қ.Шаңғытбаев, Ә.Тәжібаев, Б.Аманшин, Т.Жармағамбетов т.б. зерттеу мақалалар мен естеліктер жазды. А.Б.Никольская ең бірінші болып ақынның өлеңдерін орыс тіліне аударып, 1946 жылы «Избранные произведения» жинағын 10 мың дана етіп орыс тіліне шығарды. Н.Байғаниннің 150 жылдығына арнап, 2009 жылы өлкетанушы-ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Б.Құрманбеков «Нұрлы жүзді Нұрпейіс» атты кітап жазып шығарды.

Нұрпейіс Байғанин аты және мәдени мұрасы ел есінде.

1990 жылы Ақтөбе облысында ақынның 130 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Республикалық ақындар айтысы, термешілер сайысы, ғылыми конференция, көрме, Н.Байғанин күндері, Байғанин және Темір аудандарына салтанатты шаралар өткізілді.

Бұрынғы Табын ауданы 1940 жылы Байғанин ауданы болып өзгертілді. 1962 ақын аты облыстық балалар кітапханасына берілді. Байғанин ауданында Қызыл әскер,

Жданов, Жарсай колхоздары біріктіріліп Байғанин атындағы ірі савхоз ұйымдастырылды.1964-1965 оқу жылында онда 8 жылдық мектеп ашылып,ол1971 жылы орта мектепке айналды.Қарауылкелдіде 1976 жылы ақынның ескерткіші ашылды.

Н.Байғанинге Ақтөбеде- 1999 жылы, Шұбарқұдықта, Ақсайда-1995 жылы ескерткіштер қойылды.Ақсайда ақын атында мектеп бар. Ақсай-Темір ауданындағы аудандық округтың орталығы.Оған Нұрпейіс туған «Сүлікті» жері кіреді.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде ақынға арналған бөлім бар.Халық суретшісі Ә.Қастеев Нұрпейіске М.Қалининің «Құрмет белгісі» орденін тапсырып тұрған портретін салған.Одан бөтен ақынның портретін ақтөбелік суретшілер С.Әлімбетов, Т.Төлеуішев салды. Халық артисі Ғ.Құрманғалиев Нұрпейістің «Еңбек туралы жыр» термесін орындап ақынның шығармасының даңқын арттырды. Ақтөбеде, қалалар мен аудандарда ақын атындағы көшелер бар. Қарауылкелдідегі Байғанин лицейі ауыл шаруашылық мамандарын дайындалды.

Тарихшы ғалым-өлкетанушы Б.Құрманбековтың зерттеуі бойынша ақынның тегі мен шежіресі-жеті атасы Шүрен, Жаман, Құлбаба, Андақұл, Сүйіндік, Байбақты, Байғана, Нұрпейіс болып келеді екен.

Нұрпейістің үлкен ұлы Ғалым заңгер болған.Оның үш ұлы және екі қызы болды.Нұрпейістің тағы бір ұлы Момын-педагог-музыкант,А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыка колледжінде мұғалім,Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогика институтында профессор болып қызмет етті.Кезінде Ақтөбедегі пединститут мұғалімдер институты болғанда Н.Байғанин атында болған екен.Момын Нұрпейісұлы-атақты күйші-домбырашы, Республиканың мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер. Оның төрт ұлы,бір қызы бар.

Нұрпейіс 1944 жылы қыркүйекте қатты ауырып,Ақтөбеге жақын Табантал деген жерде тұрған.Оның соңғы «Мен өлмеймін,өлмеймін», «Жез бұйдалы мен құба нар» өлеңдері

жеңіс күнін көрсем,жетсем деген арманға толы болды.Ұлы ақынның үлкен жүрегі соғуын 9 сәуір 1945 жылы Қызыл Ордада тоқтатты.Ақын қайтыс болған соң үкімет оның жұбайы Аймекенге 400 сом,баласы Момынға ер жеткенше 300 сом көмек зейнетақы тағайындады.Ұлы ақын Нұрпейіс Байғаниннің аты қазақ әдебиетінде Жамбыл Жабаевпен қатар тұр,оның тамаша шығармалары қазақ поэзиясының алтын қорынан орын алды.

Тәуелсіздік әкелген рухани жаңғыру, жаңаша ойлау,қазақ тарихы мен әдебиетіне жаңаша көзқарас Нұрпейіс Байғанин атын жаңадан туындатты. 160 жасқа толған Нұрпейіс жұлдызы қазақ әдебиеті аспанында жаңаша жарқырады.

Оның патриоттық шығармалары Тәуелсіз Қазақстанға қызмет етуде Тәуелсіздік тұғырын нығайтуда.

